## Ақтөбе қаласы бойынша 2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 142-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 тіркелген), Ақтөбе қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген бюджет шеңберінде қызметтерді уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *А. Бекет*

Ақтөбе қаласы әкімдігінің
2026 жылғы "_6_" __01__
№ _1_ қаулысына қосымша

### Бір қызмет алушыға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер тарифтері

| № | Мекемелердің түрлері | Қызмет алушылардың түрлері | | Күніне бір қызмет алушының тарифі (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | Кіші түрі | Қызмет алушының жағдайы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | 4 (төрт) сағаттық болумен тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар | Орташа және айқын | 9790,68 |
| | | 4 (төрт) сағаттық болумен тірек-қимыл | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Жартылай стационар | аппараты бұзылған балалар | Орташа және айқын | 8925,99 |
| | | 4 (төрт) сағаттық болумен психоневрологиялық патологиясы бар балалар | Орташа және айқын | 7392,57 |
| | | 8 (сегіз) сағаттық болумен психоневрологиялық патологиясы бар балалар | Орташа және айқын | 17409,20 |
| 2. | Уақытша болу | | белгілі бір тұрғылықты жері жоқ | 5801,90 |
| | | | тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны (КММ) | 8309,96 |
| | | | тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны (ҮЕҰ) | 6860,14 |
| | | | адам саудасының құрбаны | 8357,08 |
| 3. | Үйде қызмет көрсету | | | 1716,34 |
| 4. | Үйде қызмет көрсету (ҮЕҰ) | | | 2096,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК